30	PROF EURO 20 С ылғалды бөлмелерге арналған жартылай күңгірт бояу 2,7л
31	EURO TREND А тұсқағаздар мен қабырғаларға арналған күңгірт бояу 2,7л
32	EURO TREND А тұсқағаздар мен қабырғаларға арналған күңгірт бояу 9л
33	EURO TREND С тұсқағаздар мен қабырғаларға арналған күңгірт бояу 2,7л
34	EURO TREND С тұсқағаздар мен қабырғаларға арналған күңгірт бояу 9л
35	EURO POWER 7А интерьерге арналған жууға төзімді күңгірт бояу 2,7л
36	EURO POWER 7А интерьерге арналған жууға төзімді күңгірт бояу 9л
37	EURO 2 VVA интерьерлік қою күңгірт бояу 2,7л
38	EURO 3 С интерьерлік қою күңгірт бояу 9л
39	EURO 7 А интерьерлік күңгірт бояу 2,7л
40	EURO 7 А интерьерлік күңгірт бояу 9л
41	EURO 7 С интерьерлік күңгірт бояу 9л
42	EURO MATT 3А интерьерлік қою күңгірт бояу 2,7л
43	EURO MATT 3А интерьерлік қою күңгірт бояу 9л
44	EURO MATT 3С интерьерлік қою күңгірт бояу 2,7л
45	EURO MATT 3С интерьерлік қою күңгірт бояу 9л
46	EURO SMART 2VVA интерьерлік қою күңгірт бояу 2,7л
47	EURO SMART 2VVA интерьерлік қою күңгірт бояу 9л
48	PERFECTA С интерьерлік қою күңгірт бояу 9л
49	PERFECTA А интерьерлік қою күңгірт бояу 9л
50	PERFECTA А интерьерлік қою күңгірт бояу 2,7л
51	PERFECTA С интерьерлік қою күңгірт бояу 2,7л

«Tikkurila» тауар белгісінің («Тиккурила» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Tikkurila Oyj – Финляндия, «Тиккурила» ЖШҚ – Ресей Федерациясы өндірген) интерьерлік бояуларының жоғарыда аталған түрлері арнайы қаптамада, әрі қарай Ережелердің мәтіні бойынша жинақталып «Бояу»/«Бояулар» деп аталады. Бояудың арнайы қаптамасы әдетте ұқсас тауар сатылатын қаптамадан өзінің сыртқы түрімен, атап айтқанда, құтысында және қақпағында Акцияның өткізілуі және Акцияның қысқаша шарттары туралы хабарлама бар стикердің болуымен ерекшеленеді. Акция пайда немесе өзге табыс көру мақсатын көздемейді. Акцияға қатысу үшін төлем алынбайды. Бояуды сатып алу төлемі Акцияға қатысу үшін төлем болып табылмайды; Акцияның жүлде қоры бояуларды сатудан түскен қаражат есебінен құралмайды.

1.2. Акция Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі; бояуларды сату орындарының сауда нүктелерінің мекенжайлары www.promotikkurila.kz адресі бойынша өндірушінің ашық сайтында жарияланған.

1.3. Бояудың бар-жоғын тікелей сауда нүктесінен анықтау қажет.

2. АКЦИЯ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ

2.1. Акция ұйымдастырушысы «Тиккурила» ЖШС тапсырысы бойынша (әрі қарай – Акцияға Тапсырыс беруші) «ДОСТАР МКК» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі болып табылады, (мекенжайы: 050059 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Нұрсұлтан Назарбаев д-лы, 124, 13-кеңсе (әрі қарай мәтін бойынша «Ұйымдастырушы»).

3. АКЦИЯНЫҢ ӨТКІЗІЛУ МЕРЗІМДЕРІ

3.1. Акция соңғы күнді қоса 2018 жылдың «01» сәуірінен 2018 жылдың «31» қазанына дейінгі мерзімде өткізіледі, оған кіретіні:

3.1.1. Акцияға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңі, Акцияға қатысу үшін әрекеттер жасау мерзімі: 2018 жылдың 01 сәуіріндегі Астана уақыты бойынша 00 сағат 00 минуттан бастап 2018 жылдың 31 қазанындағы Астана уақытымен 23 сағат 59 минутқа дейін (әрі қарай мәтін бойынша – «Акцияға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңі»).

3.1.2. Акция жүлделерін беру мерзімі: соңғы күнді қоса 2018 жылдың «30» қарашасы.

4. АКЦИЯ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Акцияға Қазақстан Республикасының аумағында тұратын, жасы 18 (он сегізден) асқан Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматтары (әрі қарай «Қатысушы») қатысуға құқылы.

4.2. Акцияға Акция Ұйымдастырушысының қызметкерлері мен өкілдерінің, оның үлестес тұлғалары, Акцияны ұйымдастыру мен оны өткізуге қатысы бар өзге ұйымдардың қызметкерлері, «Тиккурила» ЖШС-нің қызметкерлері, Бояуды өткізетін дүкендердің қызметкерлері, сондай-ақ аталған тұлғалардың туыстары мен отбасы мүшелерінің қатысуға құқығы жоқ.

Жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалардың Акцияға қатысуға және Акция жүлдесін алуға құқығы жоқ.

4.3. Акция Қатысушысы Акция Ұйымдастырушысынан:

4.3.1. Акция Ережелеріне сәйкес Акция туралы ақпарат алуды;

4.3.2. жүлде иесі деп танылған жағдайда – Акцияның осы Ережелеріне сәйкес тиісті жүлдені беруді талап етуге құқылы.

4.4. Акция қатысушылары Акция Ережелерімен белгіленген мерзімде және тәртіпте жүлдені алуға және Акцияға қатысуға байланысты барлық әрекеттерді орындауға міндетті.

4.5. Жүлденің иесі деп танылған қатысушы, Ұйымдастырушының өтініші бойынша, Акцияның тиісті жүлдесінің иесі деп танылуына байланысты, сұхбаттасуға, фото-және бейнетүсірілімге қатысуға, осы үшін қосымша сыйақы төленбестен және Ұйымдастырушыға оның атын, тегін және оның Акция туралы жарнамалық ақпаратты тарату кезінде Акцияға қатысуына байланысты дайындалған материалдарды пайдалану құқығын тегін беруге міндетті. Алынған материалдардың авторлық (сабақтас) құқықтары Ұйымдастырушының меншігі болып табылады.

4.6. Акция қатысушысы бояу сатып алынған чектерді және Акцияға қатысуға бағытталған код басылған стикері бар құтының қақпағын сақтауға міндетті.

4.7. Осы Ережелерге сәйкес Акцияға қатысуға құқығы жоқ тұлғаның Акцияға қатысуынан бас тарту құқығын Ұйымдастырушы өзіне қалдырады. Осы Акцияның қатысушыларына қойылатын талаптарға тұлғаның сәйкес келмеу фактісі анықталған және/немесе осындай тұлғаның Акция жүлдесінің иесін анықтау рәсіміне қатысу мүмкіндігін болдырмайтын, соның ішінде аталған тұлғаны Акция жүлдесінің иесі деп танығаннан кейін және Акцияның өткізілу қорытындылары

жариялағаннан кейін, осындай тұлға осы Акция Ережелерін бұзған (сақтамаған) жағдайда, Ұйымдастырушы осындай тұлғаға жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

4.8. Осы Ережелерге өзгертулер енгізу, осындай өзгертулерді www.promotikkurila.kz міндетті түрде жариялау құқығын Ұйымдастырушы өзіне қалдырады.

4.9. Ұйымдастырушы www.promotikkurila.kz сайтында тиісті хабарлама жариялау немесе осындай шешім туралы өзге тәсілмен Акцияның өткізілуін тоқтату күні басталғанға дейін 3 (үш) күн бұрын кешіктірмей жұрт алдында хабарлау арқылы, Акцияның өткізілуін мерзімінен бұрын тоқтатуға және/немесе кідірте тұруға құқылы.

4.10. Акция Ұйымдастырушысы осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Акция қатысушыларымен жазбаша келіссөздер немесе өзге де байланыс жасамау құқығын өзіне қалдырады.

4.11. Акцияға қатысудың кез келген жасанды үрдісінен пайда шығаратын немесе жалған көрсететін немесе осы Ережелерді бұзу үшін әрекет ететін, деструктивті тәсілмен әрекет ететін немесе Ұйымдастырушыны немесе осы Акцияға қатысу болуы мүмкін кез келген тұлғаны ренжіту, балағаттау, бопсалау немесе мазасын келтіру ниетімен әрекет ететін кез келген тұлғаның қатысуға берген барлық өтінімдерін, Ұйымдастырушы өз білгенінше, біржақты тәртіпте жарамсыз деп тануға, сондай-ақ осы Акцияға әрі қарай қатысуына тыйым салуға құқылы.

4.12. Бір қатысушы аптасына ең көбі 15 код және акцияның бүкіл өткізілу кезеңіне ең көбі 60 код тіркеуге құқылы. Қатысушылар кодты тіркеу үшін SMS-сұрақ жіберілген немесе сайт арқылы тіркеу кезінде көрсетілген ұялы телефонның нөмірі бойынша сәйкестендіріледі. Егер қатысушы бір аптада 16-шы кодты немесе акцияның бүкіл өткізілу кезеңінде 61-ші кодты тіркеуге тырысқан жағдайда, ол акция шарттарына сәйкес код өтелмеді деген хабарлама-жауап алады.

5. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ҮШІН ӘРЕКЕТТЕР ЖАСАУ ТӘРТІБІ

5.1. Акцияға қатысу үшін осы Ережелердің 3-бөлімінде жазылған мерзімде төмендегі әрекеттерді орындау қажет (қатысу шартын жасау тәртібі):

5.1.1. осы Ережелердің 1.1.-т. көрсетілген акциялық стикері бар «Tikkurila» интерьерлік бояуының ең кемі 1 (бір) құтысын сатып алу және скретч-қабаттың астынан бірегей кодты табу;

5.1.2. бояудың қақпағында орналасқан стикердегі скретч-қабат астындағы кодты табу;

5.1.3. төмендегі кез келген бір әдіс арқылы Қатысушының өтінімдерін қабылдау кезеңінде кодты тіркеу:

5.1.3.1. 7102* нөміріне мына форматта SMS жіберу:

Бірегей код <бос орын> аты <бос орын> тегі <бос орын> қала

Мысалы: V9G4J 7T34X Григорий Ким Астана

Аты, тегі, қала – міндетті параметрлер

Ескерту: бірегей кодты жүйе бос орынмен де, бос орынсыз да қабылдайды.

Қазақстан Республикасының барлық ұялы байланыс операторлары үшін SMS құны – 1 SMS үшін 7 теңге, с.і. ҚҚС.

7102 қысқа нөміріне SMS жіберу арқылы код тіркеуші қатысушылар, SMS түрінде жауап-хабарлама алады;

Техникалық қателіктер туындаған жағдайда, сондай-ақ егер SMS арқылы бірегей кодты жіберу мүмкін болмаса, қатысушы Қазақстан Республикасы үшін 8 800 070 18 05 тегін жедел желі телефоны бойынша қоңырау шалуға құқылы. Егер қатысушыға қатысу жоқ техникалық себептермен код қабылданбаған болса, оператор тіркеу үшін жаңа бірегей код беруі мүмкін.

5.1.3.2. www.promotikkurila.kz интернет-сайтында өзінің жеке деректерін көрсете отырып тіркеу нысанын толтыру:

- ұялы телефон нөмірі;
- бірегей код;
- аты
- тегі
- қала
- қатысушының акция шарттарымен келісімі
- капча

Интернет арқылы www.promotikkurila.kz сайтында код тіркеуші қатысушылар, өзінің дербес компьютерінің немесе сайтта кодты тіркеген басқа құрылғының экранына жауап-хабарлама алады.

5.2. Ережелердің 5.1.-тармағында сипатталған әрекеттерді жасау осы Акцияға қатысу шартының акцентісі болып табылады, 7102 қысқа нөміріне коды бар СМС-хабарлама жіберген / Ережелердің 5.1.3.-т. сипатталған әрекеттерді жасау кезінде www.promotikkurila.kz сайтында кодты тіркеу аяқталған сәттен бастап Акцияға қатысу шарты жасалған болып есептеледі. Осы Ережелердің 5.1.-т. сипатталған барлық әрекеттерді тиісті орындаған, соның ішінде www.promotikkurila.kz сайтында кодты тіркеу үшін тұлға өз деректерін толтырған жағдайда, Осы Акцияға қатысуға өтінім жіберілген болып есептеледі және қарастырылады (Ұйымдастырушы тіркеуге арналған тиісті жолдарда аты-жөнінің бірінші әріптерін, аббревиатураларды және/немесе ойдан шығарылған кейіпкерлердің аттарын және/немесе тегі/аты/әкесінің аты болуы мүмкін емес басқа да мәліметтерді көрсеткен тұлғаның жіберген өтінімдерін қарастырмайды).

5.3. Бір код 5.1.3.-т. көрсетілген әдістердің кез келгенімен бір рет тіркелуі мүмкін. Осы Ережелердің 5.1.3.-т. белгіленген тәртіпте тіркелу үшін Акцияға қатысу үшін бұрын тіркелген кодты көрсету / Акцияға қатысу үшін бұрын тіркелген коды бар СМС-хабарлама жіберу, Акцияға қатысу үшін өтінім ретінде қаралмайды және Акцияға қатысу құқығын бермейді. Кодтарды көрсету кезінде туындаған, с.і. қақпағына даулы коды бар стикер жапсырылған бояуды кімнің сатып алғанына қатысты дауларды Ұйымдастырушы қабылдамайды және қарастырмайды.

5.4. Ережелердің 5.1.3.-т. белгіленген тәртіпте кодтарды тіркеу кезінде, осы Акцияны өткізу кезінде пайдаланатын кодтар ретінде сәйкестендірілуі мүмкін кодтар ғана қабылданады.

5.5. www.promotikkurila.kz сайтындағы тиісті жолдарда осы Акцияны өткізу үшін бірнеше рет кодтар ретінде сәйкестендірілмейтін мазмұндағы белгілерді, сондай-ақ толтыруға арналған жолдарға жазуларды, суретті немесе экстремистік, ерсі, дөрекі немесе қорлаушы сипаттағы белгілерді орналастырған тұлғалар осы Акцияға қатысудан шеттетіледі. Сондай-ақ 7102 қысқа нөміріне осы Акцияны өткізу кезінде пайдаланатын кодтар ретінде сәйкестендірілмейтін мазмұндағы, сондай-ақ экстремистік, ерсі, дөрекі немесе қорлаушы сипаттағы пікірлер / суреттер / белгілер мазмұнындағы СМС-хабарламаны бірнеше рет жіберген тұлға да осы Акцияға қатысудан шеттетіледі.

Осы мақсаттар үшін сәйкестендіру www.promotikkurila.kz сайтында тіркеуге арналған жолдар толтырылған құрылғының IP мекен-жайы бойынша жүргізілуі мүмкін.

5.6. Егер Акция Қатысушысы www.promotikkurila.kz сайтында кодтарды енгізу жолында қатарынан 5 (бес) рет кодты қате енгізсе немесе код қате жазылған СМС-хабарламаны қатарынан 5 (бес) рет жіберсе, онда Қатысушы Акцияға қатысуға 24 сағатқа бұғатталады. Егер Акцияның өткізілу мерзімі ішінде Қатысушы 3 (үш) рет бұғатталатын болса, онда Қатысушы әрі қарай Акцияға қатысу құқығынан айырылады.

5.7. Акцияға қатыстырудан тұлғаларды шеттету туралы шешімге шағым түсірілмейді; тұлғаны Акцияға қатыстырудан шеттету себебін жарияламау құқығын Ұйымдастырушы өзіне қалдырады және Акцияға қатыстырудан шеттетілген тұлғалармен қандай да бір келіссөздер жүргізбейді.

6. АКЦИЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

6.1. Акцияның жүлде қоры Акция Ұйымдастырушысының ақшалай қаражаты есебінен құрылады және төмендегі Жұлделерден тұрады:

6.1.4. Бас жүлде – атаулы құны 750 000 (жеті жүз елу мың) теңге болатын екеуге арналған туристік саяхатқа сертификат – акцияның бүкіл кезеңіне 2 (екі) дана.

6.1.5. Екінші дәрежелі жүлделер:

- Теледидар – акцияның бүкіл кезеңіне 2 (екі) дана.
- Үй кинотеатры – акцияның бүкіл кезеңіне 2 (екі) дана.
- GoPro камерасы – акцияның бүкіл кезеңіне 2 (екі) дана.

6.1.6. Күнделікті жүлделер 500 теңге – ұялы телефонға (Ұялы байланыс операторларының пайдасына олардың абоненттерінің – Акция жүлдегерлерінің дербес шоттарын толтыру мақсатындағы төлем), акцияның бүкіл кезеңіне 1500 (бір мың бес жүз) дана;

6.2. Салықтарды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

6.3. Ұйымдастырушының Акция қатысушыларына жүлделерді беруі бойынша міндеттемесі 6.1.-т. жазылған жүлде қорымен шектелген.

7. АКЦИЯ ЖҮЛДЕЛЕРІН (ҮЛЕСТІРУ) ИЕЛЕНУШІЛЕРДІ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

7.1. Күн сайынғы жүлделер ұтыс ойыны төмендегі әдіспен ойнатылады:

7.1.1. Акция Қатысушыларына күн сайын тәулік бойы кодты ойдағыдай тіркеген сәтте кездейсоқ түрде 500 (бес жүз) теңге жүлдені ұтып алғаны туралы хабарлама келуі мүмкін.

7.1.2. Телефон балансының күн сайынғы жүлделермен толықтырылуы ұтыс туралы хабарлама алғаннан кейін, ұялы байланыс провайдерлерінің тарапынан техникалық мәселелердің туындауына байланысты кешеуілдеп толықтыру жағдайларын қоспағанда, 15 минут ішінде түседі.

7.1.3. Ұялы желі провайдерлерінің тарабынан болатын техникалық ақаулар үшін Ұйымдастырушы жауапты болмайды.

7.1.4. Бір қатысушы тәулігіне бір сыйлық, бірақ акцияның бүкіл кезеңіне ең көбі он бес сыйлық ұтып ала алады. Күн сайынғы жүлде иесі Бас және Екінші дәрежелі жүлделер ұтыс ойынына қатысады.

7.2. Ұйымдастырушы бекіткен 7.4.-т. көрсетілген күндерде, нотариустың және Акция Ұйымдастырушысының өкілдерінен тұратын таралым комиссиясының қатысуымен, белсенділік кезеңінде 2 (екі) рет арнайы компьютерлік бағдарламаның көмегімен кездейсоқ анықтау арқылы қатысушылар арасында Бас және Екінші дәрежелі жүлделерді бөлу жүргізіледі. Жеңімпаздарды анықтау кезінде Акция Ұйымдастырушысы әр жүлдеге негізгі және екі резервтік жеңімпазды таңдайды.

7.3. Жеңімпазды анықтағаннан кейін, комиссия нотариус куәландырған бас және екінші дәрежелі жүлделерді бөлу туралы хаттамаға қол қояды.

7.4. Ұтыс ойындар күні және Бас және Екінші дәрежелі жүлделер мөлшері:

Ұтыс ойын күні	Жұлде	Жұлделер саны
-----------------------	--------------	----------------------

12 шілде 2018	Туристік саяхатқа сертификат. Сертификат баламасы 750 000 (жеті жүз елу мың) теңге.	1 дана
	Теледидар	1 дана
	Үй кинотеатры	1 дана
	GoPro камерасы	1 дана
09 қараша 2018	Туристік саяхатқа сертификат. Сертификат баламасы 750 000 (жеті жүз елу мың) теңге.	1 дана
	Теледидар	1 дана
	Үй кинотеатры	1 дана
	GoPro камерасы	1 дана

7.5. Бір қатысушы белсенділіктің бүкіл кезеңіне Акцияның бүкіл кезеңіне 1 (бір) екінші дәрежелі жүлдені және 1 (бір) бас жүлдені ұта алады. Осы мақсаттар үшін қатысушылар кодтар жіберілген және Ережелердің 5.1.3.-т. жазылған тәртіпте кодтарды тіркеу кезінде көрсетілген ұялы телефондардың нөмірлері бойынша сәйкестендіріледі.

7.6. Бас жүлдені және Екінші дәрежелі жүлдені алу үшін жеңімпазды анықтағаннан кейін

Акция Ұйымдастырушысы СМС-хабарлама жіберу арқылы ұтысқа жеткен Код тіркелген немесе Сайтта ұтысқа жеткен Кодты тіркеген Акция Қатысушысының тіркеу нысанында көрсетілген ұялы байланыс операторының абоненттік нөміріне қоңырау шалу арқылы ұтысқа жеткен Акция Қатысушысына хабарлайды. Егер Акция Ұйымдастырушысы осындай жеңімпазды анықтаған сәттен бастап 72 (жетпіс екі) сағат ішінде жеңімпазбен байланыса алмаған жағдайда, көрсетілген тұлға тиісті жүлдені алу құқығынан айырылады және Акция Ұйымдастырушысы жүлдені резервтік жеңімпазға беруді ұйғару үшін онымен байланысады. Егер Акция Ұйымдастырушысы жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде резервтік жеңімпаздармен байланыса алмаған жағдайда, онда мұндай жеңімпаздар тиісті жүлдені алу құқығынан айырылады және Акцияға Тапсырыс беруші мұндай жүлдені өз қалауымен жұмсауға құқылы.

8. АКЦИЯ ЖҮЛДЕЛЕРІН АЛУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

8.1. Екінші дәрежелі және/немесе бас жүлдені алу үшін жеңімпаз:

8.1.1. Осы Ережелердің 2-т. көрсетілген тізімдегі «Tikkurila» интерьерлік бояуын сатып алғаны туралы қазыналық / тауарлық чекті және акциялық стикері бар қақпақты Ұйымдастырушыға көрсетуі қажет.

8.1.2. Ұтыс туралы хабарлама алған сәттен бастап, күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей, Акция Ұйымдастырушысына міндетті түрде ЖСН көрсетілген жеке куәлік көшірмесін беруі қажет;

8.2. Екінші дәрежелі жүлде Ұйымдастырушының Алматы қаласындағы кеңсесінде жеңімпазға берілетін болады. Егер басқа қаланың тұрғыны Жеңімпаз атанған жағдай болса, онда жүлде ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің кеңсесінде берілетін болады. Кеңсенің мекенжайы, күні мен уақыты Жеңімпазбен алдын ала келісілетін болады. Жүлдені алған кезде жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын көрсету қажет. Жеңімпаздың өзі болуы қажет. Өзі болмаған жағдайда, жүлде берілмейді.

8.3. Бас жүлде Алматы қаласында берілетін болады. Егер басқа қаланың тұрғыны жеңімпаз атанған жағдай болса, онда Жеңімпаз Бас жүлдені алу және саяхатқа дайындалу туралы туристік агенттікпен келіссөздер жүргізу үшін Акция

Ұйымдастырушысымен алдын ала келісілген мерзімде Алматы қ. келуі тиіс. Алматы қ. келуі мен тұруына қатысты барлық шығындарды Жеңімпаз өз мойнына алады.

8.4. Бас жүлде – атаулы құны 750 000 (жеті жүз елу мың) теңге болатын туристік сертификат елді, ұшу класын, тұратын жерін және саяхатқа байланысты өзге қызметтерді жеңімпазға өздігінен таңдау құқығын береді. Егер туристік қызметтер сомасы сертификат сомасынан асып кеткен жағдайда, онда айырмасын жеңімпаз өз есебінен төлейді. Егер туристік қызметтер сомасы сертификаттағы сомадан аз болса, онда айырмасының ақшалай баламасын талап етуге болмайды.

8.5. Туристік сертификаттың әрекет ету мерзімі 6 (алты) ай. Қатысушы Бас жүлдені Сертификаттың әрекет ету мерзімі ішінде ғана пайдалана алады. Сертификаттың әрекет ету мерзімі Жеңімпаздың қалауы немесе өтініші бойынша ауыстырылмайды және ұзартылмайды.

8.6. Акция Ұйымдастырушысына қатысы жоқ себептер бойынша, тіркелу кезінде көрсетілген ұялы нөмірлер бойынша Қатысушымен хабарласу мүмкіндігінің болмауы және 2017 жылдың 1 наурызына дейін Жүлдені алмауы Қатысушының Жүлдеден бас тартуы болып есептеледі. Осы тармақта көрсетілген мерзім өткен соң, Қатысушы Жүлде алуды талап ете алмайды.

8.7. Акция Ұйымдастырушысы:

8.7.1. Қатысушылардың Акцияға қатысуға және Жүлделерді алуға қатысты міндеттерін орындамағаны (уақтылы орындамағаны);

8.7.2. Қатысушыларды Акцияның өткізілу ережелерімен және оған қатысу шарттарымен таныстырмағаны, сондай-ақ Акцияның өткізілу нәтижелерімен таныстырмағаны;

8.7.3. Техникалық мәселелер және/немесе Интернет желілеріндегі және/немесе Акция өткізу кезінде пайдаланылатын байланыс арналарындағы айлакерлік нәтижесіне байланысты ұйымдастыру, соның ішінде пошта қызметінің кесірінен Қатысушылардан хаттарды, қоңырауларды, көшірмелік және/немесе электрондық хабарламаларды алмағаны;

8.7.4. Қатысушылардан Жүлделерді алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмағаны (уақтылы алмағаны);

8.7.5. Акцияны өткізу және Жүлделерді беру мақсаты үшін қажетті толық емес және/немесе қате байланыс деректерді және/немесе өзге мәліметтерді алмағаны үшін жауапты емес.

9. АКЦИЯНЫҢ ӨТКІЗІЛУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ӨТКІЗІЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ТӘРТІБІ

9.1. Қатысушылар Акция шарттары туралы тиісті ақпаратты келесідей орналастыру жолымен хабарландырылады:

- бояудың қаптамасында (стикерде),

- www.promotikkurila.kz сайтында,

- сондай-ақ Акция Ұйымдастырушысының таңдауы бойынша басқа да жолдармен.

9.2. Акцияның өткізілу нәтижелері – Акция жүлделерінің иелері деп танылған қатысушылар туралы ақпарат осы Акцияның өткізілу мерзімдерінде www.promotikkurila.kz сайтында жарияланады.

10. ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕР

10.1. Акцияға қатысу арқылы, қатысушы өз еркімен және өз мүддесінен әрекет ете отырып, Ұйымдастырушыға өзінің жеке деректерін өңдеуге келісімін береді. Жеке деректер осы Акцияны өткізуді ұйымдастыру, осы Ережелерге сәйкес

Қатысушының Жеңімпаз болғаны туралы Қатысушыларға хабарламалар жіберу, Қатысушыларға жүлделерді, жарнамалық ұсыныстарды жіберу, Қатысушылармен тілдесу мақсатында, сондай-ақ маркетингтік талдау жүргізу және статистикалық ақпарат дайындау, салық агентінің қызметтерін (қажет болған жағдайда) орындау мақсатында, сондай-ақ осы Ережелерде көрсетілген өзге мақсатта жиналады.

10.2. Қатысушының жеке деректерді өңдеуге берген келісімі кодты тіркеген сәттен бастап жеке деректерді өңдеуге берген келісімін қайтарып алу сәтіне дейін жарамды.

10.3. Акция Қатысушысы Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Нұрсұлтан Назарбаев д-лы, 124, 13-кеңсе мекенжайына қайтарып алу туралы қол қойылған жазбаша хабарламаны жіберу арқылы, сол хабарламаға Қатысушы өзінің тіркеу деректері есебінде Акцияға қатысу үшін хабарлаған өзінің тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен мекенжайын көрсете отырып, өз келісімін қайтарып алуға құқылы.

10.4. Келісімді қайтарып алу туралы хабарлама алған жағдайда, Акция Ұйымдастырушысы және оның уәкілетті тұлғалары осындай Қатысушының жеке деректерін өңдеуді тоқтатады және қайтарып алу түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жеке деректерді жояды. Егер Акцияны өткізуге байланысты әрекеттерді орындамау қатысушының өз келісімін қайтарып алу нәтижесінде Қатысушының жеке деректерін жою салдарынан болса, Акция Ұйымдастырушысы осындай орындамаушылық үшін жауапты емес.

10.5. Акция Ұйымдастырушысының сұрауы бойынша берілетін қатысушының жеке деректері: тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, жынысы, ұялы телефон нөмірі және/немесе электрондық пошта адресі, жеке куәлік деректері, тұратын жерінің мекенжайы, ЖСН нөмірі, банктік шот нөмірі.

10.6. Келісім жеке деректермен төмендегі әрекеттерді жасау үшін беріледі: жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), пайдалану; Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде қарастырылған жағдайда және көлемде тарату; жеке деректерді иесіздендіру, бұғаттау, жою.

10.7. Акция жүлделерінің иелері деп танылмаған қатысушылардың жеке деректері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте 31.10.2019 ж. мерзімге дейін сақталады, Акция жүлделерін алған қатысушылардың жеке деректері 31.10.2024 ж. мерзімге дейін сақталады. Сақтау мерзімі аяқталған соң жеке деректер жойылуы тиіс.

10.8. Ұйымдастырушы Қатысушыларды тіркеуге және өзге мәселелерге қатысты техникалық ақаулар үшін жауапты емес.

11. АКЦИЯНЫҢ ӨЗГЕ ШАРТТАРЫ

11.1. Осы Ережелермен қарастырылмаған барлық жағдайда, Акция Ұйымдастырушысы мен қатысушылары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

11.2. Ұйымдастырушы төмендегі жағдайларда қатысушылар алдында, соның ішінде Акция жүлделерінің иелері деп танылған тұлғалар алдында жауапты болмайды:

11.2.1. Ұйымдастырушыға қатысы жоқ себеп бойынша, қатысушыға оның Акция жүлдесінің иесі деп танылғаны туралы уақтылы хабарламаған кезде;

11.2.2. Акция қатысушысы қосылған, осы Акцияға қатысуға кедергі келтіретін, операторлардың/интернет желісі провайдерлері жұмыстарының ақаулары болғанда;

11.2.3. Акцияның электрондық деректерінің жоғалуына алып келетін байланыстың электрондық жүйелеріндегі, соның ішінде интернет желісіндегі ақаулар кезінде;

11.2.4. Ұйымдастырушының өз міндеттерін орындауына тікелей әсер ететін және Ұйымдастырушының оларды орындауын мүмкін емес ететін су тасқындарын, өрттерді, ереуілдерді, жер сілкіністерін немесе өзге табиғат факторларын; жаппай індеттерді; мемлекеттік органдардың бұйрықтарын және Ұйымдастырушыға қатысы жоқ өзге объективті себептерді қоса алғанда, форс-мажорлық жағдайлар басталғанда;

11.2.5. қатысушылар осы Ережелерде қарастырылған өз міндеттерін орындамаған (уақтылы орындамаған) кезде;

11.2.6. Акция қатысушыларының, сондай-ақ Акцияның әлеуетті қатысушыларының әрекеттері (әрекетсіздігі), қателіктері кезінде.

11.3. Ұйымдастырушы Ұйымдастырушының өз міндеттерін орындамауына қатысы жоқ себептер бойынша, осы Ережелерде белгіленген тәртіпте Акция жүлдесінің иесі жүлдені ала алмаған жағдай үшін жауапты болмайды.

11.4. Ұйымдастырушы осы Ережелерде белгіленген әрекеттер жасау мерзімдерін өткізіп алған жайттар үшін жауапты емес. Мерзімдерді өткізіп алуға қатысты наразылықтар қабылданбайды, Акция жүлделерін беру мерзімі өткен соң Акция жүлдесі берілмейді.

11.5. Ұйымдастырушы тек осы Ережелерде тікелей көрсетілген шығындарды ғана төлейді. Акцияға қатысуға байланысты барлық өзге шығындарды (баяуды сатып алу, СМС-хабарламалар жіберу) Акция қатысушылары өз бетімен және өз есебінен төлейді.

11.6. Акцияның өткізілу шарттарымен және оның ережелерімен www.promotikkurila.kz интернет-сайтында немесе 8 800 070 18 05 (Қазақстан бойынша тегін) ақпараттық жедел желі арқылы танысуға болады.

11.7. Акцияның өткізілу кезеңінде тегін ақпараттық жедел желі жұмысының режимі дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден бастап 19:00-ге дейін.

11.8. Акцияға қатысу арқылы Қатысушы Акцияны өткізудің барлық ережелерімен және қатысу шарттарымен танысқанын және келісімін бергенін растайды, соның ішінде оны Акция Жеңімпазы деп таныған жағдайда, Жеңімпаз деп тану фактісі туралы ақпаратты, оның тегін, атын, әкесінің атын және тұрған қаласын Акция Ұйымдастырушысының жариялайтынына өз келісімін беретінін де растайды.

11.9. Өзінің www.promotikkurila.kz интернет-сайтында тіркелуі немесе 7102 қысқа нөміріне SMS жіберуі арқылы, Қатысушы Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы болып табылатынын, ол өзінің жеке және нақты деректерін хабарлағанын және жарнамалық акцияларды, сыйлықтарды, өнімдердің үлгілерін және Акция Ұйымдастырушысынан өзге ұсыныстарды алуға келісім беретінін растайды.

11.10. Акцияның өткізілу барысында Қатысушылар алатын жүлделерге салық төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асырылады;

11.11. Акция Ұйымдастырушысы Акцияның өткізілу шарттарын өз бетімен өзгертуге құқылы.

11.12. Акцияға қатысу фактісі осы Ережелермен танысқанын және келісетінін білдіреді. Ережелермен келісу толық әрі сөзсіз болып табылады.

«Tikkurila-мен бояуға толы саяхат» АКЦИЯСЫ

• www.promotikkurila.kz

• Ақпараттық жедел желі 8 800 070 18 05 (Қазақстан бойынша тегін)